

Қалыш Сәния,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Аударма ісі» мамандығының 1 курс
магистранты

**АБАЙДЫҢ «ОТЫЗ ҮШІНШІ ҚАРА СӨЗІНІҢ» МӘНІ ЖӘНЕ
АУДАРМАСЫ (түпнұсқа мен аударма нұсқаларын салыстырмалы
талдау)**

Ғылыми жетекші – ф.ғ.д., профессор Ж.Дәдебаев

Шығармада айтылған ойлар, Абайдың жеткізгісі келген дүниелер сол өз заманында болған жағдайларға негізделген болса да, бұның жалғасы қазіргі өмірде де көрініс беріп жатқаны белгілі. Абай бұл қара сөзінде күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан ұлтының салғырттыққа салынуы мен талапсыздығын сөз етеді. Сонымен қоса, еріншектік, кішкене ғана іс істесе де, соған мақтануға жақын тұру, өзіне берілген іске жауапкершілікпен қарамау мәселелері де жазылған.

«Әуелі — бұл ісімді ол ісімнен асырайын деп, артық ісмерлер іздеп жүріп, көріп, біраз істес болып, өнер арттырайын деп, түзден өнер іздемейді. Осы қолындағы аз - мұзына мақтанып, осы да болады деп, талапсыздыққа тартып, жатып алады [1, 62]» деп көптеген адамдардың ізденгісі келмейтіндігін, талаптанбайтындығын айтады.

Адамда кездесетін жақсы қасиеттердің бірі – бір іске икемді болуы, талаптануы. Ақын талап қылушылардың тобынан білуді таңдап, білуге талаптанушыларды жеке бөліп алады, солардың талабын оң көреді, дүниемүлік байлығына жетуге талаптанушылардың талабының терістігін, баянсыздығын ескертеді. Талаптың махаббаттан шығатыны, ал махаббаттың адамның адамдығы екендігі, оның ақыл, ғылымнан өнетіні, ғылым, білімді қалаудың, білуге талап қылудың кісінің көкірегін аршып, тазартуға бастайтыны туралы қағида ұсынады [2, 172].

Абай адам болам деген кісінің асық болатын «бес асыл ісінің» ішінде талапты бірінші атайды. Өңгіме бес асыл нәрсенің қайсысын бірінші атауда емес, олардың әрқайсысының «бес асыл іс» тобында атқаратын қызметінің мәнінде. «Бес асылдың» басы, бастаушысы – талап. Талап жоқ жерде өнер үйрену де, білім табу да, еңбек ету де жоқ, талапсыз ешқандай асыл нәрсеге қол жеткізіп болмайды [2, 174].

Екінші бір айтар ойы — еріншектік. Ақын адамның адамдығын бұзатын, күллі адам баласын қор қылатын жамандықтарды жинақтап, үш түрге бөледі: а) надандық; еріншектік; залымдық [2, 171].

Еріншектің тууының енді бір жолын Абай кісі бойында болатын бірнеше сабақтас күймен байланыстырады. Адал еңбек етіп, «бір-екі қара тапса, малға бөге қалған кісімсіп, «маған мал жоқ па?» дегендей қылып, еріншек, салдау, салғырт» тартатынын, «кербездікке салынатынын» көрсетеді. Мұнда уайым, қайғы жоқ, керісінше, «кедейдің кербездігімен» шектесіп жатқан «уайымсыз салғырттық» бар [2, 211].

Үшінші ойында қазақтардың әркімнің мақтауына еріп, соған алдынып жүретіндігін жеткізеді. Еңбегіне қарай, ақысын да береді емес пе? Арзан мақтаудың артынан еріп, аса дандайсып кету өмірден адасудың бірі екенін айтпақшы.

Ақырғы кемшілігі – қарызға бату. «Жасап берші» деген бір ауыз сөзін «мен де біреудің пайдасына керек екенмін» деп жерге тастамай, мойнына алып, шектелген уақытына дейін бітіріп бере алмай жүрсе ше? Тоқ етері, артылған істің жауапкершілігін сезіне білу керектігін жеткізгісі келіп тұр.

Абайдың қазақ поэзиясының жарық жұлдызы екендігі туралы ойда үлкен мін бар. Абай – әлемдік ақындық өнердің алып бәйтерегі. Абайдың поэзиясы да, қара сөздері де қазақ әдеби тілінің көркемдік-эстетикалық байлығын, қазақтың адмгершілік, әлеуметтік, философиялық ойларының салаларын толық қамтумен бірге оларды дамытып, жаңа биікке көтерді. Абайдың ақындық өнері мен азаматтық тұлғасы, адамгершілік ұстанымдары мен философиялық қағидалары әрдайым өз деңгейінде лайықты бағалана бермейді. Оның бірден-бір себебі – Абай шығармаларын басқа тілдерге аударудың қиындығы. Аудармада ақынның шығармаларында философиялық категория деңгейінде пайымдамдалған және көркем өрілген мәнді ойлардың, мазмұн мен мағынаның тереңдігін жеткізу де оңай емес [3, 31]. Сондықтан Абайды орыс тіліне аударамын деген жанның орыс ақыны немесе орыс тілді ақын ғана болуы жеткіліксіз. Ол, алдымен Абай деңгейіндегі ақын болуы шарт [3, 33].

Абайдың 33-қара сөзін аударма нұсқаларымен салыстыруда С.Санбаев, В.Шкловский, Ролан Сейсенбаев және Клара Серикбаевалардың аударма нұсқаларын алдым.

Түпнұсқа	С.Санбаев аудармасы	В. Шкловский аудармасы	Р.Сейсенбаев пен К.Серикбаева аудармасы
«Егерде мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерлі - қазақтың әулиесі сол. Бірақ құдай тағала қолына аз-маз өнер берген қазақтардың кеселдері болады.» [1, 62].	Чтобы жить в достатке, надо учиться ремеслу. Достаток преходящ, ремесло – нет. Ремесленника, который живет на заработанное своим честным трудом, можно бы почитать как святого. Но аллах не миловал и тут, даже среди немногочисленных казахов-ремесленников, подобно неизлечимой болезни, бытуют пороки [4].	Необходимо учиться ремеслу. Скот погибнет от джута, а ремесло всегда остается в руках, и ремесленник, продающий без обмана то, что он сделал своими руками, — лучший из казахов. Однако у казахов-ремесленников есть свои пороки [4].	Хочешь быть богатым — учись ремеслу. Богатство со временем иссякает, а умение — нет. Тот, кто продает плоды своего ремесла без обмана, в народе считается святым. Но тех, кому Бог даровал хоть какое-нибудь ремесло, не минуют и пороки [4].

Мұнда «мал» сөзі үш нұсқада да әртүрлі берілсе, керісінше «қолөнер» сөзі барлығында «ремесло» болып аударылған. С.Санбаев – «достаток», В.Шкловский – «скот» және К.Серикбаева мен Р. Сейсенбаев – «богатство» деп аударған. Абай заманында қазақтар малмен айналысқандықтан, байлық та малмен есептелінген. Сондықтан, «достаток, богатство» деп мағынасын берген қателікке жатпайды. Ал, «скот» деп тікелей аударуға келетін болсақ, дұрыс емес деу де, дұрыс деу де қиын. Себебі, мұнда дүниең, байлығың болсын десең, молшылықта өмір сүргің келсе, бір істі үйренуің керек, сол арқылы ғана дүниеге қолың жетеді деп тұр. Ал, байлық тек малмен өлшенбейді. Бірақ, екінші жағынан, сол заманда, жоғарыда айтып кеткендей, малы көп адам ғана бай саналған. Осылайша, аудармашы сол ерекшелікті сақтап қалуға тырысқан шығар деп ойлаймын.

Аудармашылардың міндеті тек тілді білу ғана емес, аударманы түпнұсқамен қатар тұратын шығарма ретінде жазып шығару. Бұл жайлы А.Алимжановтың «О переводах произведений Абая» деген мақаласында да айтылады: «Задача переводчиков произведений Абая заключалась не только (и не столько) в том, чтобы дословно перевести казахский текст на русский язык. Русский читатель хочет иметь такой перевод, который соответствовал бы художественным достоинством оригинала. Понятно, что переводчик жолден глубоко понимать мастерство оригинала, знать эпоху, в которую появилось то или иное стихотворение, уметь «войти в мир» его автора. Именно потому говорят, что переводчик в стихах – не раб, а соперник поэта.» [5, 99].

С. Санбаев және К. Серикбаева мен Р.Сейсенбаевтың аудармаларында абзацтың құрылымы сақталған және бастамасы түпнұсқамен сай. «Егерде» деп басталған ойды, «чтобы, хочешь» сөздері арқылы беріп, сөйлемнің құрылымын және мағынасын сақтап тұр. В.Шкловский «егерде мал керек болса» деген тіркесті аудармай, бірден «надо учиться ремеслу» деп бастайды. Қолөнер жасауға себепші болған мақсатты тастап кетіп тұр. «Мал жұтайды, өнер жұтамайды» деген сөйлемді «Скот погибнет от джута, а ремесло всегда остается в руках» деп тікелей тәржімалаған. «Жұтайды» сөзін тура мағынасымен берген, ал түпнұсқада тек оны ғана меңзеп тұрған жоқ. Мұнда егер ештеңемен айналыспайтын болсаң, қолыңдағы бардан айырыласың, барлығы өткінші. Тек белгілі кәсіпті жақсы жасай білу қабілетің ғана өзгермейді дегенді айтады. Осы мағына жеткізілмеген сияқты. Ал берілген сөйлемге байланысты С. Санбаев және К.Серикбаева мен Р. Сейсенбаевтың аудармаларына келер болсақ: мағына толығымен жеткізілген. Бұл нұсқаларда тура мағына емес, «достаток преходящ, богатство со временем иссякает» деп астарлы мағынаны жеткізе білген.

Келесі айта кететін жайт – түпнұсқадағы «әулие» сөзінің аударылуы. В.Шкловскийдің аудармасын айтып кету керек, себебі оның нұсқасында «лучший» деп аударылған. Жалпы, әулие деген - уәли деген араб сөзінен келген, қасиетті деген мағынаны береді. Қазақ халқында қасиетті адам ретінде ақыл-парасатымен, іс-әрекетімен тұтас аймаққа үлгі болғандар да

саналады. Ал, «лучший» сөзінің мағынасы басқаша. «Қазақтың әулиесі» деп атап айтуы – қазақта «әулие» сөзінің ерекше қабылданатындығын, сол адамның арамдығының жоқтығын, тура жолда екендігін көрсетеді. Басқа екі аударма нұсқасында да «святой» деп тәржімаланған, бұл мағынасын дұрыс жеткізеді деп ойлаймын. Өйткені, «святой» сөзі де орыстарда дәл сондай мағына береді және әсер қалдырады. Алайда, С.Санбаев және Р.Сейсенбаев пен К.Серикбаеваның аудармаларында қалдырып кеткені, ал В.Шкловский аудармасында көрсетілгені: «қазақтың» әулиесі екенін көрсету. Бұл аса маңызды болмауы да мүмкін, бірақ Абай қазақтар туралы жазып, атап көрсеткеннен кейін, аудармада да соны сақтау керек деп ойлаймын.

«Құдай тағала» сөзі әр ұлтта, негізінен, дініне байланысты әр түрлі сөзбен беріледі, бірақ беретін әсері бірдей. Бұл сөзді В.Шкловский «Аллах» деп, ал Р.Сейсенбаев пен К.Серикбаева «Бог» деп аударған, В. Шкловский тастап кеткен. Меніңше, екінші нұсқасы адекватты. Мүмкін, бірінші нұсқада аудармашы дінге байланысты нақтылап көрсеткісі келген шығар, бірақ жалпы орысшада «Бог» сөзінің қолданылуы дұрыс.

Аудармада «Казахов-ремесленников» деген нақтылау бар. Түпнұсқада дәл осылай берілмесе де, мұны қателік деп айтуға болмайды. Себебі, мағынаны бұзып тұрған жоқ, оны тек нақтылап тұр. Аталған «қолөнерлі» тіркесі Р.Сейсенбаев пен К.Серикбаеваның аудармасында жоқ. «Тот, кто...» және «Но тех, кому...» деп жалпылау арқылы көрсеткен.

Бірінші абзацқа байланысты үш аударма нұсқаларынан түпнұсқаға барынша сай келетіні - Р.Сейсенбаев пен К.Серикбаеваның аударма нұсқасы деп ойлаймын. Себебі, мағынасы өзгермеген және аудармашы тарапынан ештеңе қосылмаған. Нақты және түсінікті. С.Санбаев нұсқасы шамалы ұзақ болып кеткен және түпнұсқада жоқ «подобно неизлечимой болезни» деген тіркес кездеседі. Бұл артық және ешқандай қажеттілігі жоқ деп ойлаймын. Сонымен қоса, С.Санбаев «аз-маз» сөзін аудармасында басқа сөзбен тіркестеп қойған: түпнұсқада «...аз-маз өнер берген қазақтардың...» болса, аудармада «...даже среди немногочисленных казахов-ремесленников...» деп «қазақ» сөзіне қосқан. Бұл мағынаны өзгертеді. Р.Сейсенбаев пен К.Серикбаева аудармасында «...хоть какое-нибудь ремесло» деп «аз-маз» сөзінің өнерге қатысты екендігі көрсетіледі. Ал, В.Шкловскийдің аудармасына келер болсақ: аударманың көркемдігі түпнұсқадан төмен. Берілген ойларды қарапайым тілде, тура мағынасында жеткізген, тастап кетулер бар. Сонымен қоса, түпнұсқадағы бұл абзац В.Шкловскийдың аударма нұсқасында үш абзацқа бөлінген және қысқартылған.

Түпнұсқа	С.Санбаев аудармасы	В. Шкловский аудармасы	Р.Сейсенбаев пен К.Серикбаева аудармасы
Әуелі — бұл ісімді ол ісімнен асырайын деп, артық ісмерлер іздеп жүріп, көріп, біраз	Во-первых, эти люди не стремятся совершенствовать свое мастерство. Не	Во-первых, они не ищут на стороне лучших мастеров, не идут к ним, чтобы перенять	Во-первых, они не ищут на стороне лучших мастеров, чтобы перенять их опыт и

істес болып, өнер арттырайын деп, түзден өнер іздемейді. Осы қолындағы аз-мұзына мақтанып, осы да болады деп, баяғы қазақтың талапсыздығына тартып, жатып алады [1, 62].	ищут мастеров лучше себя, чтобы, работая с ними, рука об руку, перенять их искусство, а довольствуются тем, что умеют сами. И по стародавней привычке казахов предаются пустому бахвальству, пролеживают себе бока, почем зря растрачивая время [4].	их опыт и, переняв, обогнать их уменьем. Они довольствуются тем, что умеют делать, и, следуя вековой привычке казахов, спешат завалиться набок [4].	не стремятся достичь большего мастерства. Довольствуясь тем малым, что имеют, считают, что этого вполне достаточно и предаются лени [4].
--	--	---	--

Мұнда, ең алдымен назар аударатынымыз: үш аударма нұскасында да «бұл ісімді ол ісімнен арттырайын деп» деген тіркестің аударылмауы немесе оның аудармада дұрыс берілмеуі. Неге екі мәселенің нақты біреуін жазбағанымның түсіндірмесі: үш аударма нұскасында да осы «перенять их искусство, перенять их опыт» деген тіркестер бар. Бұл түпнұсқадағы «бұл ісімді ол ісімнен арттырайын деп» тіркесінің аудармасы болуы мүмкін бе? Осы сұраққа жоғарыда айтылған екі мәселеге байланысты жауап беруге болады. Берілген тіркесті қайта қазақ тіліне аударар болсақ, «олардың тәжірибесін қабылдау, яғни үйрену, өнерінен үлгі алу» деген мағынаны білдіреді. Ал түпнұсқада дәл осындай тіркес жоқ, бірақ ой бар. Ол жоғарыдағы сөйлемнің жалпы мағынасы, әсіресе, бұл ой сөйлемде «...көріп...» деген сөзбен білдіріледі. Көріп, бақылау арқылы басқа адамның іс-әрекетін үйрене аламыз және сол арқылы өзімізге қажеттіні алып, өнерімізді дамытуға болады. Осылай ойлайтын болсақ, жоғарыда айтылған тіркес аударылмаған және «перенять их искусство» оның аудармасы болуы мүмкін емес деген шешімге келуге болады, өйткені ол «көріп» сөзінің аудармасы. Егерде, бұл осы екі ойды қосып, жалпы аудару болса, онда ол түпнұсқаның дұрыс берілмеуі болып тұр. Оның себебі: «перенять их искусство» деген талданып жатқан тіркестің мағынасына мүлдем келмейді және мұнда «көру» - «бақылау» мағынасына жақын келеді, сондықтан оны «наблюдать» деген немесе басқа да осы мағынадағы сөздермен беруге болады. Екі жағдайда да қолынан өнер келетін адамның бір ісін келесіден арттыруға деген ниеті жоғалып кетіп тұр. «Совершенствовать мастерство» деген тіркесті де көреміз. Бұл мағынасы бойынша өте жақын және аудармашы тек осы сөзбен екі ойды да жеткізгісі келуі мүмкін. Бірақ, оның түпнұсқада «өнер арттырайын деп» деген сәйкес эквиваленті бар және ол түпнұсқа бойынша қолөнершінің өнер іздеуінің бір мақсаты болса, «бұл ісімді ол ісімнен арттырайын деп» деген тағы бір мақсаты болып табылады. Оны орыс тілінде «...чтобы одно мое дело превосходило другое» деген ойды білдіретін тіркеспен беруге немесе сөйлемге осы тіркесті былайша қосуға болар еді: «во-первых, они не ищут на стороне лучших мастеров, чтобы

наблюдая и работая с ними, усовершенствовать свое мастерство, чтобы одно их дело превосходило другое». Бұл тіркесті атап кеткенім – өнерлі адам үнемі даму үстінде болады және ол өз өнерін дамытқан сайын жұмысының нәтижесі бірінен бірі өтіп тұрады. Абай егерде ештеңе ізденбесең, өзгеріссіз бір орында тұрып қаласың деген ойды жеткізгісі келгендіктен жазған деп ойлаймын.

Жалпы, осы абзацты әр аударма нұсқасына тоқталып қарастырайық. С.Санбаев түпнұсқаның құрылымымен емес, абзацты өздігінен сөйлемдерге бөлген. Бірінші сөйлем қазақ тілінде «өнер іздемейді» дегенмен аяқталса (себептері алдында беріліп), орыс тілінің құрылымы бойынша, іс-әрекет бірінші беріліп, оның себебі «чтобы» сөзі арқылы кейін беріледі. Сондықтан аудармада түпнұсқа нұсқасында «...деп...» бойынша берілетін себептермен бітуі керек. Бұл қатты маңызды болмаса да, сөйлемдердің құрылымын автор бергендей аударуға тырысу – түпнұсқаға біршама жақындауға мүмкіндік береді. Ал, С.Санбаев бірінші сөйлемінде адамдар өнерін арттырғысы келмейді дегенді ғана береді. В.Шкловский және Р.Сейсенбаев пен К.Серикбаева түпнұсқаның құрылымын барынша сақтауға тырысқан. Бірақ, үш аударма нұсқасында да бұл абзацтың аудармасы сәтті шыққан деп айта алмаймын. Себебі, біреуінде құрылымы жағынан дұрыс болса, белгілі бір тіркестерді тастап кеткен, ал келесі аудармада өз бетінен қосымша тіркестер қосқан. Мысалы, С.Санбаев «түзден» деген сөзді аудармаса, В.Шкловский «...и, переняв, обогнать их уменьем» дегенді қосып жіберген. Бұл мүлде басқа ой және оны қосу дұрыс емес. Түпнұсқада біреумен жарысу, одан асып кетуге тырысу деген ой берілмеген және оны қосу автордың ойын түсінбеу болып табылады. Ал, Р.Сейсенбаев пен К.Серикбаеваның аударма нұсқасына келер болсақ, біразын тастап, жалпылама аударған. Бірінші сөйлемдегі ойды «не стремятся достичь большего мастерства» деу арқылы берсе, екіншідегі «қазақтың талапсыздығына салып, жатып алады» дегенді «предаются лени» деп қана аударған. Біріншіден, талапсыздық ол еріншектік емес, бірақ еріншектіктен шығады. Оны Абай 38-қара сөзінде айтып кеткен: «Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады.» Екіншіден, Абайдың атап айтқан кеселдердің біріншісі – талапсыздық. Сондықтан, талапсыздықты еріншектікпен қоспай, өзінің мағынасын беру керек. Жалпы, «талапсыздыққа тартып» деген аудармада жоқ. С.Санбаев аудармасы: «и по стародавней привычке казахов предаются пустому бахвальству, пролеживают себе бока, почем зря растрачивая время». Мұнда «жатып алады» мен «мақтану» бар, талапсыздық берілмеген. Сонымен қоса, өз бетінше «почем зря растрачивая время» деген түсіндірмені қосқан. Мұны керексіз деп ойлаймын, себебі «пролеживают себе бока» дегеннің өзі уақытты босқа өткізу деген негативті мағынада. В.Шкловский аудармасы: «и, следуя вековой привычке казахов, спешат завалиться набок». Мағынасы келгенімен, көркемдігі түпнұсқаға жетпейді және айтып кеткендей, талапсыздық сөзі жоқ. Оны «не проявляя/не ощущая стремления» немесе «без стремления к чему-то» деп немесе осы ойды білдіретін басқа көркемдік сөздермен аударуға болады деп ойлаймын.

Р.Сейсенбаев пен К.Серикбаева аудармасында ұнағаны: «осы қолындағы аз-мұзына мақтанып...» деген сөйлемді аударуы – «довольствуясь тем малым, что имеют...». Дәл аударған және басқа аудармалар сияқты «довольствуются» деп етістікке айналдырмай, түпнұсқадағыдай көсемше түрін сақтаған.

Түпнұсқа	С.Санбаев аудармасы	В. Шкловский аудармасы	Р.Сейсенбаев пен К.Серикбаева аудармасы
Екінші — ерінбей істей беру керек қой. Бір-екі қара тапса, малға бөге қалған кісімсіп, «маған мал жоқ па?» дегендей қылып, еріншектік, салдау-салғырттыққа, кербездікке салынады [1, 62].	Во-вторых, надо работать в поте лица. А они, заработав несколько голов скота, начинают мнить себя богачами и хвастливо думают: “Разве у меня не вдоволь скота?”. А ведь стоит появиться такой мысли, как человек предается праздной лени, беспечности, чванливости и франтовству [4].	Во-вторых, они работают лениво. Если заработает ремесленник две-три головы скота, то ему кажется, что он уже разбогател. Он думает: «Вот и у меня есть стада»,— и начинает предаваться лени, беспечности и франтовству [4].	Во-вторых, нужно трудиться неустанно. А им стоит приобрести два-три головы скота, как они начинают воображать себя утопающими в благополучии, начинают бездельничать, чваниться, дело свое делают спустя рукава [4].

Түпнұсқада берілген екінші ой - еріншектік. Бірақ, бірден «еріншектік» деп атамаған. «Ерінбей істей беру керек қой» деп басталады. Осының аудармада берілуін қарастырайық: С.Санбаев аудармасы «надо работать в поте лица», В.Шкловский аудармасы «работают лениво», Р.Сейсенбаев пен К.Серикбаеваның аудармасы «нужно трудиться неустанно». Үшеуі де мағынасын берген, бірақ көркемдігі жағынан С.Санбаев және Р.Сейсенбаев пен К.Серикбаеваның аудармалары түпнұсқаға жақын келетіні көрініп тұр. Сонымен қоса, бұл аудармаларда В.Шкловскийдің аударма нұсқасындағыдай - олар ерініп жұмыс істейді деп емес, дәл түпнұсқадағыдай іс-әрекетті ерінбей жасау керектігін көрсеткен. В.Шкловскийдің бұлай аударуы дұрыс емес деп ойлаймын, себебі Абай түпнұсқада олар ерінеді деген, ерінбеу керектігін айтқан.

Келесі, «бөге қалған кісімсіп» тіркесінің аударылуы. Жалпы, «бөге» деген «бөгу» сөзінің көсемше түрі, ол - тура мағынасында ісіну (суға малғаннан) деген мағынаны берсе, мәтіндегі астарлы ойы - тою, қану дегеннің негативті мағынасы. Яғни, «бөге қалған кісімсіп» деп, бір-екі ғана мал тауып, соның өзінде өзін бай санап, байлыққа мастануын айтады. С.Санбаев «мнить себя богачами и хвастливо думают:...» деп аударған. Мағына сақталған, бірақ «хвастливо думают» дегенді өз тарапынан қосқан. Бұл қателік деп ойламаймын, себебі ойды бұзып тұрған жоқ, тек оған

қосымша әсер беріп тұр. В.Шкловскийдің аударма нұсқасында «...то ему кажется, что он уже разбогател» деп берілген. Мағына сақталғанымен, көркемдігі жағынан түпнұсқамен сай келмейді. Ал Р.Сейсенбаев пен К.Серикбаева «как они начинают воображать себя утопающими в благополучии» деп тәржімалаған. Бұл көркемдігі жағынан да, мағынасының сақталуы бойынша да түпнұсқаға сәйкес келетін аударма деп ойлаймын. Бірақ, Р.Сейсенбаев пен К.Серикбаева осы тіркестен кейін келетін «маған мал жоқ па?» деген сұрақты тастап кеткен. Бұл бір-екі малға менменсіп қалған адамның ойын жеткізу болғандықтан оны тастау дұрыс емес. С.Санбаев өз аудармасында мағынасы мен сұрақ типін сақтап, дұрыс аударған: «Разве у меня не вдоволь скота?», ал В.Шкловскийдің нұсқасында ой тура берілгенімен, сұрақ ретінде аударылмаған: «Вот и у меня есть стада». Осы кезекте, С.Санбаев аудармасы туралы айта кететін жайт: берілген сұрақтан кейін қосымша ақпараттың қосылуы. «А ведь стоит появиться такой мысли, как человек предается праздной лени, беспечности, чванливости и франтовству» деп берілген аудармасында «а ведь стоит появиться такой мысли» деген түпнұсқада жоқ тіркес. Бұл түпнұсқадағы ойды кішкене өзгертеді, себебі түпнұсқада «маған мал жоқ па?» деген ойдағы адам салғырттыққа салынады десе, аудармада, осындай ой пайда бола салысымен жалпы адамдар еріншектікке салынады, тәкаппарланады деп беріледі. Ешқандай айырмашылық көрінбеуі мүмкін, бірақ түпнұсқамен салыстырғанда аударма жалпылама түрде берілген және бір оқығанда осы сөйлем жоғарыдағы сөйлемге қатысы жоқ сияқты сезіледі. Өйткені, аударма нұсқада адамдар бір-екі мал жинап, соған мақтанып, енді менде мал жеткілікті емес пе деп ойлайды дейді де, осылайша жоғарыда айтылып жатқан адамдар салғырттыққа салынады емес, жалпы адамзатқа байланысты айтып кетеді.

Р.Сейсенбаев пен К.Серикбаеваның аударма нұсқасындағы «дело свое делают спустя рукава» деген фразеологизмді қолдануы өте орынды деп ойлаймын, себебі осы фразеологизмнің ішіне еріну де, жұмысына салғырт қарау да кіреді.

Түпнұсқа	С.Санбаев аудармасы	В. Шкловский аудармасы	Р.Сейсенбаев пен К.Серикбаева аудармасы
Үшінші — «дарқансың ғой, өнерлісің ғой, шырағым», немесе «ағаке, нең кетеді, осы ғанамды істеп бер!» дегенде «маған да біреу жалынарлыққа жеткен екенмін» деп мақтанып кетіп, пайдасыз алдауға, ку	В-третьих, эти люди не остерегаются льстецов. А льстецы не преминут обратиться к ремесленнику с лукавой просьбой: “Ты ведь щедрая душа, свет мой, и ты — мастер, искуснее которого нет во всей	В-третьих, если скажут ремесленнику: «Ты великий мастер и человек большой души, или же: «Братец, что стоит тебе сделать для меня», — то мастер думает, что люди от него зависят, он гордится, поддается	В-третьих, стоит кому-нибудь обратиться к ним с просьбой: «Ты братец,- умелец, ты щедр» или «Что тебе стоит сделать для меня то-то и то-то», как они начинают думать с самодовольством, что дожили до дней,

тілге алданып, өзінің уақытын өткізеді. Және анаған дүниенің қызығы алдауды білген дегізіп, көңілін де мақтандырып кетеді [1, 62-63].	округе!”. Или же: “Уважаемый, что вам стоит выполнить мою просьбу?”. И вот ремесленник рад до безумия, что ему кладут поклоны, верит в свою незаменимость, и дни его проходят в пустом самодовольстве. Более того, своим поведением он тешит льстецов и дает им повод думать, что обманом можно добиться всего [4].	лести и начинает понапрасну тратить свое время на заказы льстецов [4].	когда люди начали обращаться к ним с просьбами. Возгордясь, поддавшись лести, они теряют свое драгоценное время, дают повод торжествовать лукавому льстецу [4].
---	---	--	---

Бұл абзацта қолөнерші өз уақытын пайдасыз мақтанумен, басқалар мені керек етеді екен деген алданыш сезіммен өткізетіндігі айтылған. Осы ой барлық аударма нұсқаларында жеткізілген. Бірақ, аудармада аудармашы тарапынан қосулар мен тастап кетулер кездеседі, соларға тоқталсақ.

С.Санбаев аудармасы құрылымы жағынан түпнұсқаға сай келмейді, себебі түпнұсқа 2 сөйлемнен тұрса, ол 5 сөйлем етіп аударған. Абзац «В-третьих, эти люди не остерегаются льстецов» деп басталады. Мұнда «эти люди не остерегаются льстецов» деген тіркесті өз тарапынан қосқан. Осылайша аудармашы қолөнершінің өз уақытына немқұрайлы қарайтынын кеңірек түсіндіргісі келген сияқты. Мұны дұрыс емес деуге де болмайды, себебі түпнұсқа бойынша, шынында да, мұндай қолөнершілер жағымпаздардан қашпайды. Керісінше, олардың жағымпаздануынан рахаттанып, алданып, айтқанын жасап береді.

Сонымен қоса, «А льстецы не преминут обратиться к ремесленнику с лукавой просьбой:...» деген тіркес те түпнұсқада жоқ. Қайта қазақшаға тікелей аударар болсақ: «Жағымпаздар болса, өз кезегінде, қолөнершіге мынадай қу өтініштер жасауды ұмытпайды/қашпайды:...» болады және мұны қосу артық деп ойлаймын. Жағымпаздардың орайы келсе, қулық жасайтын жол іздеп тұратыны бәріне де белгілі. Және түпнұсқада «жағымпаздар» деп атамаған, іс-әрекетін көрсетіп, осылай жасайтын адамдар деп жалпы жазған. Ал, аудармашы оны нақтылап «льстец» деп аударған. Бұл қателік емес деп ойлаймын. «Льстец» сөзі мағынасы жағынан да, қабылдануы жағынан да ойды нақты жеткізе алады.

Абай екі сөйлеммен ғана көптеген ойларды жеткізе білген, сондықтан аудармашы да осы ерекшелікті сақтап қалуға тырысу керек. Астарлы ойдың барлығын түсіндіріп аударар берсе, аударма нұсқасы түпнұсқадан бірнеше есе көп болып кетеді ғой. Аударманы барлық жағынан түпнұсқаға барынша жақынырақ етіп аударуға талпыну керек деп ойлаймын.

Келесі мына үш тіркестің аударылуын қарастырайық: «Дарқансың ғой, өнерлісің ғой, шырағым»; «ағеке, нең кетеді, осы ғанамды істеп бер!»; «маған да біреу жалынарлыққа жеткен екенмін».

С.Санбаев нұсқасы: «Ты ведь щедрая душа, свет мой, и ты – мастер, искуснее которого нет во всей округе!»; «Уважаемый, что вам стоит выполнить мою просьбу?»; «И вот ремесленник рад до безумия, что ему кладут поклоны...»

Шкловский нұсқасы: «Ты великий мастер и человек большой души»; «Братец, что стоит тебе сделать для меня»; «то мастер думает, что люди от него зависят...».

Р.Сейсенбаев пен К.Серикбаеваның аудармасы: «Ты братец, - умелец, ты щедр»; «Что тебе стоит сделать для меня то-то и то-то»; «как они начинают думать с самодовольством, что дожили до дней, когда люди начали обращаться к ним с просьбами.»

Үш аударма да ойды дұрыс жеткізген. Бірақ, С.Санбаев аудармасында тағы да өз тарапынан қосу бар: «искуснее которого нет во всей округе». Мағынаны күшейтіп, жағымпаздықты барынша жеткізу үшін қосқан сияқты. Меніңше, қате деуге болмайды, ойды бұзып тұрған жоқ, тек ақпараттың эмоционалды қызметі күшейіп тұр. Тек С.Санбаев нұсқасында ғана «шырағым» сөзі аударылған: «свет мой». Қалған аудармаларда оны тастап кеткен. Екінші тіркеске келер болсақ, «ағеке» дегенді «уважаемый» деп аударған. Ағеке деу арқылы қолөнерші өзін сыйлы адам ретінде сезінсін деп айтып тұрғандықтан, оны «уважаемый» деп аудару қателікке жатпайды.

Жоғарыдағы екі тіркес бойынша, В. Шкловскийдың аударма нұсқасы адекватты, ойды дұрыс жеткізген, алып тастаулар мен қосулар жоқ. Соңғы тіркес бойынша С.Санбаев пен В.Шкловский аудармалары ойды дұрыс жеткізіп тұр, бірақ та «жеткен екенмін» дегенді аудармаған. Түпнұсқада қолөнерші кішкене іс істеп, сол арқылы адамдардың жағымпаздануына жетіп жүрген жоқ па? Сондықтан оны көрсету керек деп ойлаймын. Р.Сейсенбаев пен К.Серикбаева өз нұсқаларында «дожили до дней» деп мағынасын дәл береді. Бұл аударма бойынша бірінші және екінші тіркестерге тоқталсақ: «ағекені» біріншімен қосып «ты-братец, - умелец» деп аударған. Рифмаға келтіріп, көркемдігін күшейту мақсатында қосылған болу керек. Бастысы ойды өзгертіп тұрған жоқ. Көркемдігі жағынан барынша түпнұсқаға жақын болғаны осы аударма нұсқасы деп ойлаймын.

Және В.Шкловский аудармасы бойынша айта кететін жайт, соңғы сөйлемді мүлдем аудармай тастап кеткен.

Түпнұсқа	С.Санбаев аудармасы	В. Шкловский аудармасы	Р.Сейсенбаев пен К.Серикбаева аудармасы
«Төртінші — тамыршылдау келеді. Бағанағы алдамшы шайтан тамыр болалық деп,	В-четвертых, они часто неразборчивы в друзьях. И чаще всего казах-	Мастер чувствует себя в числе важных людей. Он старается изо всех сил,	В-четвертых, такие люди помогают приятельских отношений, с кем бы

бір болымсыз нәрсені берген болып, артынан үйтемін-бүйтемін, қарық қыламын дегенге мәз болып, тамырым, досым десе, мен де керектінің бірі болып қалыппын ғой деп, және жасынан іс істеп, үйден шықпағандық қылып, жоқ-барға тырысып, алдағанды білмей, дереу оның жетпегенін жеткіземін деп, тіпті жетпесе өзінен қосып, қылып бер дегенінің бәрін қылып беріп, күні өтіп, еңбек қылар уақытынан айрылып, «жоғары шыққа» қарық болып, тамақ, киім, борыш есінен шығып кетіп, енді олар қысқан күні біреудің малын бұлдап қарызға алады. Оны қылып берейін, мұны қылып берейін деп, соныменен табыс құралмай, борышы асып, дауға айналып, адамшылықтан айрылып, қор болып кетеді. Осы несі екен. Қазақтың баласының өзі алдағыш бола тұрып және өзі біреуге алдатқыш болатұғыны қалай?» [1, 63].	ремесленник оказывается в компании нечестных людей. Обманщики набиваются ему в друзья, дарят какую-нибудь мелочь, обещают золотые горы или свое покровительство, а ремесленник рад до смерти, что нашел бескорыстного друга, и тоже старается услужить ему. Из кожи лезет вон, только бы сделать другу приятное, и не замечает, что его водят за нос. Так проходят дни, забываются и семья и хлеб насущный, растут долги, и наступает время, когда он вынужден занимать у одних, чтобы расплатиться с другими. Теперь бедняга трудится, чтобы как-то сводить концы с концами, но все больше втягивается в раздоры и окончательно теряет свое человеческое лицо. Откуда эта напасть? Почему казахи, способные провести кого угодно, так легко обманываются сами? [4].	работает, не замечает, что его кругом обманывают. Он вкладывает в работу свой материал, урывает от себя, забывает об одежде, о долгах, а люди наживаются на нем, перепродают то, что он сделал, — и так запутываются дела людей. Ремесленники берут в долг чужой скот и отдают его, чтобы расплатиться со старыми долгами. Мастер теряет свое человеческое достоинство и обращается в ничто. Отчего это получается так, что многие, будучи сами не дураками, так легко поддаются обману? [4].	то ни было. Достаточно пройдохе подарить им какую-нибудь мелочь, пообещать помочь, назвать другом, они и рады, что оказались нужны кому-то, что годятся в друзья. Тут-то и сказываются их наивность, незнание жизни. Доверившись лживому языку, безумно радуясь приветствию мнимого друга, они стараются сделать для него все. Если ему чего-то не хватает, делятся с ним собственным добром, забывают о еде, одежде, о своих заботах и обязанностях, когда поджигает нужда, бегают, выпрашивая займы. Угождая другим, тратят без пользы время, остаются без доходов, втягиваются в раздоры из-за долгов, теряют свой человеческий облик, живут в нищете и бесславии. Почему так происходит? Порой люди, способные провести кого угодно, сами легко обманываются обманутыми [4].
--	--	--	--

Бұл абзац «Төртінші — тамыршылдау келеді.» деп басталса, аудармада бастамасы былай беріледі: «В-четвертых, они часто неразборчивы в

друзьях.» (С.Санбаев); «Мастер чувствует себя в числе важных людей.» (В.Шкловский); «В-четвертых, такие люди помогают приятельских отношений, с кем бы то ни было.» (Р.Сейсенбаев пен К.Серикбаева); С.Санбаев және Р.Сейсенбаев пен К.Серикбаеваның аударма нұсқалары сөйлемнің ойын нақты жеткізіп тұр. Ал В.Шкловский нұсқасы мүлдем сай келмейді. Бұл осы сөйлемнің дәл аудармасы емес, жалпы абзацтың ойын түсініп, түсіндерме түрде аударған сияқты. Аудармашы «чувствует себя в числе важных людей» деп бергенде түпнұсқадағы тамыршылдау келетін адамның өмірді білмей, тез алданып қалатыны қатты сезілмейді. Мұнда кішкене менмендік қасиетіне жақындап кеткен сияқты.

Екінші сөйлем өте ұзақ, абзацтың көп бөлігін осы сөйлем құрап тұр. Оны барлық аударма нұсқасында бөліп аударған. Бұл абзац бойынша С.Санбаев және Р.Сейсенбаев пен К.Серикбаеваның аударма нұсқалары түпнұсқаға жақынырақ, ондағы тіркестерді барынша сақтауға тырысқан. В.Шкловский қысқартып, біраз тіркестерді тастап кетіп аударған. Сөйлем ұзақ болғандықтан, бөліп аударуды қате деп ойламаймын. Себебі, дәл солай аудару өте қиын және түсініксіз болып кетуі мүмкін. Меніңше, түпнұсқаға артық ештеңе қосылмаса, бөліп аударуға болады.

Осы абзац бойынша С.Санбаев аудармасындағы жақсы тәржімаланған тіркестерді атап өтсем: «артынан үйтемін-бүйтемін, қарық қыламын дегенге мәз болып...» - «обещают золотые горы или свое покровительство»; «жоқ-барға тырысып, алдағанды білмей, дереу оның жетпегенін жеткіземін деп...» - «Из кожи лезет вон, только бы сделать другу приятное, и не замечает, что его водят за нос.»

Р.Сейсенбаев пен К.Серикбаеваның: «Достаточно пройдохе подарить им какую-нибудь мелочь...» деген аудармасындағы «пройдоха» сөзін қолдануы өте орынды. «*Пройдоха*» түпнұсқада айтылып жатқан жалған досты, алаяқ адамды дәл сипаттайтын сөз. Бір сөз арқылы қаншама ойды жеткізуге болады. Осы аударма нұсқасындағы «Тут-то и сказываются их наивность, незнание жизни» деген түпнұсқадағы «...және жасынан іс істеп, үйден шықпағандық қылып, жоқ-барға тырысып, алдағанды білмей...» деген тіркестің ойын жақсы жеткізген деп ойлаймын.

Жалпы алғанда, Абайдың 33-қара сөзінің ойы аудармада дұрыс берілген. Кей жерлерде қосулар, кішкене ойды өзгертулер, тастап кетулер орын алады. Үш аударма нұсқасын талдай келе, әр аударма нұсқалары туралы пікірім - С.Санбаев нұсқасына келер болсақ, өз тарапынан қосулар көп кездеседі. Кейбіреулері орынды, кейбірі артық. Мүмкін аудармашы түпнұсқадағы ойды барынша толықтырып жеткізгісі келген болар. Ал В.Шкловский аудармасы, керісінше, қысқа. Ойды түсініп, жалпылама жеткізген. Құрылымды сақтауға тырыспаған және көркемдігі жағынан түпнұсқаға сай келмейді.

Меніңше, түпнұсқаға барынша эквивалентті, адекваттысы - Р.Сейсенбаев пен К.Серикбаеваның аударма нұсқасы. Абайдың халыққа не жеткізгісі келгенін жақсы түсініп, оны аудармада да бере алған және көркемдігі жағынан да түпнұсқаға барынша жақын.

Абайдың шығармашылық мұрасын, даналық тағылымын зерттеу мен зерделеу осындай көп қырлы, көп деңгейлі, күрделі құбылыс болғанда, оны аудармашылардың тану деңгейіне қойылатын талаптар да үлкен екені даусыз. Сондықтан Абайды, алдымен, тану қиын, сонан кейін аудару қиын. Біздіңше, Абай секілді ұлт әдебиетінің дана тұлғасының шығармаларын басқа тілге аударуға бел буған аудармашының Абайды тану деңгейін анықтайтын бастапқы көрсеткіштер мынадай болу керек: ақындық талант; терең білім; мол тәжірибе; көркемдік шеберлік; биік парасат пен зерттеушілік зерде; суреткерлік нәзік талғам; жауапкершілік; екі тілге бірдей жүйріктік; [2, 238].

Абай шығармаларының орыс тіліндегі аударма нұсқалары өте маңызды рөл атқарады. Себебі, орыс тілі арқылы басқа әлем тілдеріне аударылады. Орыс тіліндегі нұсқасының өте сапалы болу керектігі міне осыдан. Бұл жайлы А.Алимжанов өзінің «О переводах произведений Абая» деген мақаласында былай деген: «Понятно, какое огромное значение имеет перевод произведений Абая на другие языки народов Советского Союза и, в особенности, на русский язык. Ведь с русского языка осуществляются переводы произведений всех лучших поэтов и писателей прошлого и настоящего России на иностранные языки» [5, 98].

Көркем аударма теориясында салыстырмалы талдау әдісі аса маңызды қызмет атқарады. Түпнұсқа туындының аудармаларының мәтіндері оларды салыстырмалы әдебиеттану заңдылықтары аясында зерттеу үшін бағалы, нақты да затты көркемдік құбылыс болып табылады. Оларды түпнұсқамен салыстыра отырып зерттеу көркем аударманың шығармашылық процесс ретіндегі сатыларын, кезеңдерін, көркемдік-эстетикалық ерекшеліктерін, сонымен қатар аудармашы еңбегінің шығармашылық сипатын, психологиясын тануға жол ашады [3, 69].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Абай. Қара сөздері. – Алматы: Өнер, 2010. – 124 бет.
2. Дәдебаев Ж. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. X том. Дәдебаев Ж. Абайдың антропологиясы / жауапты ред. З. Сейітжанов. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. X том. – 269 б.
3. Дәдебаев Ж. Әдеби компаративистика және көркем аударма: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 182 б.
4. <http://abai-inst.kz/>
5. Аударма ісі: байырғы трактаттар мен кейінгі толғамдар: хрестоматия / Құраст.: Ж.Дәдебаев, Ә.Тарақ, Л.Мұсалы, Е.Кәрібозов, Г.Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 262 б.